

Ашықтық,
Есеп берушілік,
Әділдік



Прозрачность,
Подотчетность,
Справедливость



2012 Жылдық есеп

Мазмұны

Алғы сөз	3
Адам құқықтары	4
Қазақстанда құқық қорғаушылардың қауіпсіздігі жағдайына мониторинг жүргізу	6
Mesqueunblog.kz	8
Қазақстанда паллиативтік көмекті дамыту	10
Ашықтық пен есеп берушілік	12
БАҚ арасында мемлекеттік тапсырыс алушылардың интерактивті базасын құру	14
Бюджеттің ашықтық индексі	16
Орта білім беруді қаржыландыру жүйесін жетілдіру мәселелері	18
Азаматтық белсенділік	20
Қолжетімділік картасы	22
Тренерлер мектебі	24
Аймақтағы ҰЕҰ-дың әлеуетін арттыру	26
Бөлінген гранттар картасы	28
Қаржылық есеп	30

Алғы сөз

2012 жыл қор үшін сабақтастық жылы болды.

Мамырайында Сорос-Қазақстан қоры (СҚҚ) басқармасының төрағасы болып 2004-2011 жылдары Қорда мемлекеттік қаржының ашықтығы саласындағы бағдарламаларды басқарған Антон Артемьев сайланды.

Қор адамның негізгі құқықтары мен бостандығын қорғау, мемлекеттік қаржының ашықтығы мен есеп берушілігін арттыру, сонымен қатар азаматтық белсенділік пен толеранттылықты дамыту бойынша үш стратегиялық әлеуеттерді жылжыту саласындағы жұмысын жалғастыруда.

Сонымен қатар, 2012 жылы Қор азаматтық қоғамды дамыту бойынша жаңа пилотты бастаманы жүзеге асыра бастағанын хабарлады. Бұл бастама аймақтағы үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін арнаулы тренингтік және гранттық бағдарламаларға қатысу, оларға кәсіби кеңес беру және ақпараттық ресурстарды дайындау арқылы күшейтуге бағытталған. Бұл ретте Қордың негізгі серіктістері болып ҰЕҰ-дың ресурстық орталықтары табылды.

2008-2011 жылдары Қордың басқарма төрайымы болған Анна Александрова атындағы азаматтардың ең осал топтарын қолдауға бағытталған жобаларға байқау жарияланды. Осы байқаудың қорытындысы бойынша нақты тұратын мекенжайы жоқ, есірткені инъекциялық қолданушылар, секс қызметкерлері, сонымен қатар есірткені инъекциялық жолмен қабылдайтын секс қызметкерлерінің мәселелеріне қоғамның назарын аударуға бағытталған гранттар бөлінген болатын. Қордың Қамқоршылар кеңесінің шешімі бойынша бұл байқау жыл сайын жүргізілетін болады.

2012 жылы біз гранттық және операцияндық қызметті жетілдіру бойынша жұмысты бастадық. Негізінен сұраным үлгілеріне бірқатар өзгертулер енгізіліп, грант алдында көрсетілетін саралау рәсімі енгізілді. Сонымен қатар Қордың мониторинг және бағалау саласындағы саясаты дайындалды.

Наргис Қасенова

Қамқоршылар Кеңесінің төрайымы

Адам құқықтары

Адам құқықтарының сақталуын қадағалайтын халықаралық рейтингтердің қорытындысы бойынша Қазақстан айтарлықтай төмен орындарды еншілеп отыр. Осылайша, саяси құқықтар мен азаматтық еркіндік деңгейін 7-ден (бос емес) 1-ге (еркін) дейінгі меже бойынша бағалайтын Freedom House рейтингісінің 2013 жылғы мәліметіне сәйкес, Қазақстан 5,5 балмен еркін емес ел болып саналады. Freedom House Қазақстанда саяси құқықтардың сақталуын 6 балға бағаласа, азаматтық еркіндікті – 5 балға бағалаған¹. «Шекарасыз репортерлер» халықаралық журналистік ұйымның рейтингісінде Қазақстан Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі бойынша 179 орынның 160-шы² орнында тұрақтапты.

Соңғы жылдары Қазақстанда адам құқықтары бойынша жағдай айтарлықтай нашарлады. Ресми мәліметтер бойынша, 2011 жылғы желтоқсанда Жаңаөзенде орын алған толқулардың нәтижесінде 16 адамның мерт болуы туралы ақпараттан кейін Қазақстанның рейтингісі мүлде нашарлады. Жаңаөзен оқиғасынан кейін көтерілісшілерге қолдау көрсеткен оппозицияны және осы оқиға туралы ақпарат таратқан тәуелсіз баспасөзді қудалау басталды.

Бұл жағдайлар елімізде адам құқықтары саласында жұмыс істеу үшін үлкен кеңістіктің бар екендігін көрсетеді. Сонымен қатар, халықаралық рейтингтерді дайындау барысында ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтары немесе ауыр ауруларға душар болған емделушілерге өмір жолының соңында лайықты күтім мен қамқорлық көрсету құқықтары сынды аспектілерге лайықты назар бөлінбей отыр. 2012 жылы Сорос-Қазақстан Қорының қызметі азаматтардың негізгі азаматтық-саяси құқықтары мен еркіндіктерімен қатар, адамның әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қолдауға бағытталды.

¹ Freedom House, Қазақстандағы еркіндік 2013, <http://www.freedomhouse.org/report/freedom-world/2013/kazakhstan>.

² Reporters without Border, Баспаның еркіндік индексі 2013, <http://en.rs.f.org/press-freedom-index-2013,1054.html>



Қазақстанда құқық қорғаушылардың қауіпсіздігі жағдайына мониторинг жүргізу

Құқық қорғаушылардың жұмысы қоғамдағы өзгерістердің маңызды катализаторы болып табылады. Азаматтардың құқын қорғап, заң үстемдігін насихаттап, сол арқылы еліміздің демократиялану процесіне көмектесе отырып, құқық қорғаушылардың өздері көбіне қауіп аймағына түсіп, қорғауды қажет етіп жатады. Жұмыстарының нәтижесінде сот қуғындауына, қоқан-лоқыға және физикалық зорлыққа тап болатын құқық қорғаушыларды қорғау үшін мемлекеттік құрылымдар көбіне ешқандай шара қолданбайды. Осы ретте, «Қадір-қасиет» Қоғамдық бірлестігі (ҚБ) қазақстандық құқық қорғаушыларды қорғау мақсатын алдына қойып, 2012 жылдың басында Сорос-Қазақстан қорының қолдауымен «Қазақстандағы құқық қорғаушылардың қауіпсіздік жағдайына мониторинг жасау» жобасын іске қосты. Бұл мақсатта «Қадір-қасиет» ұйымы Адам құқықтарын қорғау бойынша Қазақстандық бюроның астаналық филиалы мен Ирландиялық «Фронтлайн» құқық қорғаушыларды қорғау бойынша Халықаралық қор серіктестерімен күшін біріктірді.

— Егер Қазақстанды атыс-шабыс пен адам өлімі туралы ақпарат жиі естілетін және әскерилер басқаратын елдермен салыстыратын болсақ, онда еліміздегі мәселелер күлкілі

болып көрінуі мүмкін. Алайда Батыс Еуропамен салыстырғанда, Қазақстандағы жағдай өте нашар. Ал ТМД елдерімен салыстыратын болсақ, нәтижелер бірқалыпты болмағанмен, тенденциялар бірдей: құқық қорғаушылардың қауіпсіздік мәселесі нашарлай түсуде, — деді 2012 жылғы қазанда өткен есептік баспасөз конференциясында адам құқықтары мен заңдылықты сақтау бойынша халықаралық бюроның Қазақстандағы астаналық бөлімшесінің директоры Анар Ибраева¹.

2011 жылғы маусым мен қараша аралығында құқық қорғаушыларға қауіп төндірген 72 жағдай тіркелген болатын. Олардың бәрі билік тарапынан ескерілмеді.

2012 жылы түрлі қауіп пен құқы мен еркіндігінің бұзушылығына 202 белсенді мен құқыққорғаушы, 16 бұқаралық ақпарат құралдары тап болды.

Биліктің назарын құқық қорғаушыларды қорғау мәселелеріне аудару үшін, «Қадір-қасиет» ҚБ-гі сол кездегі Қазақстанның Премьер Министрі, бүгінде Президент әкімшілігінің басшысы Кәрім Мәсімовке және Мәжіліс депутаттары Айгүл Соловьева мен Дариға Назарбаеваға үндеу жіберді.

**«Қазақстанда құқық қорғаушылардың қауіпсіздігі жағдайына мониторинг жасау» жобасы
«Құқық қорғаушы-әйелдер және олардың отбасы» жобасына бастама болды. Аталмыш жоба «Қадір-қасиет» ҚБ-нің жеке бастамасымен жүзеге асуда.**

¹ КазТАГ ақпараттық агенттігі

Қудалауға тап болған құқық қорғаушыларды оперативті қолдауды қамтамасыз ету мақсатында мониторинг нәтижелері «Қадір-қасиет» ұйымымен құқық қорғаушылар және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті донорлар, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік құрылымдар арасында таратылды. Атап айтқанда, А. Осадченко, Г. Агелеұов және М. Тұңғышбаев сынды қазақстандық құқық қорғаушыларды қолдау мақсатында «Фронтлайн» құқық қорғаушыларды қорғау бойынша Халықаралық қордың, Качирск аудандық сотының қазысы Алия Жұмашеваны қолдау мақсатында Халықаралық юристер комиссиясының өтініштерін таратқан болатын. «Қадір-қасиет» ҚБ-гі ұйымдастырған ақпараттар технологиясы саласындағы арнайы семинарға тренерлер қатысты, өз кезегінде олар ары қарай құқық қорғаушылар мен белсенділерге көмек көрсетіп, оқытатын болады.



Жоба аясында құқық қорғаушылар мен белсенділерге де заңдық көмек көрсетіліп отырды. Осылайша, Балхаш қаласының адвокаты (қорғаушы) Зинаида Мухортоваға психиатриялық сараптама жасау үшін Ресей федерациясынан сарапшы, медицина ғылымдарының кандидаты Кюри Идрисов шақыртылды. Әріптестерімен

бірге Мәжіліс депутатының атына жергілікті сот ісін жүргізу жұмысы бойынша арыз жіберген қорғаушы Мухортова он айдай негізсіз психиатриялық мекемеде ұсталды.

– Маған күштеп амнезия тағайындалды. Содан басым қатты ауыра бастады, мұрнымнан қан кетті, бетім ісіп, аллергия басталды. Мен дәрі ішуден бас тарттым, бірақ мені ұрып-соғып, төсекке байлап, шпательмен тістерімді ашып, дәріні күштеп беретін, – деп мәлімдеді Мухортова ханым журналистерге.

2012 жылғы қаңтардың аяғында Кюри Идрисовтың сараптамасына негізделе отырып, Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты Зинаида Мухортованы психикалық сау, ал оны емдеу мекемесінде ұстау – заңсыз деп таныды.

² «Аман-саулық» Қоғамдық қоры, «Республика: жазалаушы психиатрияның жаңалықтары», <http://www.amansauylyk.kz/ru/deyatelnost/psych-zdorovie/psych-zdorovie-novosti/1347/>, 2012 жыл 3 ақпан.



MES QUE UN BLOG.kz

Ресми статистикаға сәйкес, Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі шамамен 50 мың бала тұрады, бұл республикадағы балалар мен жасөспірімдердің жалпы санының 1%-ын құрауда. Алайда медик-мамандардың пайымы бойынша, бұл көрсеткіштер - мәселенің небәрі аздаған бөлігі ғана, ал мүгедектіктің нақты таралу себебі беймәлім болып қалуда.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың көпшілігі қоғамның өмірінен тек физикалық кедергілермен ғана емес, сонымен қатар, одан да қорқынышты болып табылатын бейжайлық, парықсыздық, ескішілдік ұғым және стереотиптер салдарынан да шектетіледі.

Mesqueunblog.kz жобасы дәл осы ескішілдік ұғым мен бейжайлықпен күресу мақсатында құрылған болатын. Бұл жобада баяндалған оқиғалар әңгіменің негізгі кейіпкеріне, оның отбасына, маман-дәрігерлерге мүмкіндігі шектеулі адамдарға физикалық бейімделумен қатар, әлеуметтік бейімделудің қажет екендігін көрсетуге мүмкіндік берді. Себебі олардың өмір сүруге және дертімен күресуге деген ниеті өздерінің әлемге қажет екендігін сезінуіне байланысты.

– Осындай оқиғалар жайлы естіп, көрген кезде біздің «түймедейді түйедей» етіп жүретін болмашы мәселелерімізден де күрделі мәселелердің бар екендігі, оларды қаншалықты аз байқайтынымыз туралы ойлай бастайсың, - деп оқырман **Әмина** өз ойымен блогта бөлісті. – Осындай жағдайлар, тоқтап, жан-жағымызға қарауға, тәубемізге келуге мүмкіндік береді.



Mesqueunblog – француз тілінен аударғанда «блогтан артық нәрсе» деген мағынаны білдіреді. Бұл - “MediaNet” Халықаралық журналистер орталығының француз суретшісі Николя Журнумен бірлестікте жүзеге асырған жобасы. Жоба церебралды сал ауруына шалдыққан 18 жастағы қазақстандық жасөспірім Бақытжан Жұмановтың өмірі жайлы баяндайды.

Мүмкіндігі шектеулі жасөспірімнің өміріне «сығалап» қарау арқылы жұртшылық бұл адамдардың талғамы мен қызығушылықтары сау балалардың әдеттері мен айналысатын істерінен ешқандай өзгешеленбейтінін байқады.

*– Мен біреу біз жайлы тағы да жазғысы келген екен деп ойладым, алайда осы блогтың алғашқы шығарылымдарын көрген кезде қауіптерім жойылды. Өзімнің көптен бері күтіп жүрген нәрсемді көрдім. Мүгедектіктің астында, мүгедектің артына жасырынудың қажеті жоқ, онымен өмір сүріп және мұны орынды түрде қабылдап отыру керек. Комикс – бұл ерекше қажеттілігі бар адамдар жайлы ақпарат берудің керемет әдісі, бұған бізбен бірге күлуден қорықпаған жөн. Біз дәл осындай кейіпті, мүмкіндігі тең адамдар кейпін әрдайым қолдап отырамыз, – деп әңгімеледі «Шырақ» мүгедектігі бар әйелдердің қауымдастығы» Қоғамдық бірлестігінің төрағасы **Ләззат Қалтаева**.*

Блог жұртшылық пен республикалық БАҚ-тың елеулі қызығушылығын тудырды. Жобаның жұмыс істеу кезеңі ішінде қазақстандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары қазақ, орыс және ағылшын тілінде шамамен 50 материал жариялады. Бақытжанның, яғни, мүмкіндігі шектеулі барлық балалар мен жасөспірімдердің мәселелерін көрсеткен БАҚ-тардың арасында – BBC (Ұлыбритания), TOL (Прага); «Время», «Караван», «Панорама», «Экспресс К», «Новое поколение» газеттері, «1 Еуразия арнасы», 31 арна телеарналары; Namba.kz, Kerekinfo.kz, Bnews.kz, Zakon.kz, Wikistan.kz веб-ресурстары және т.б. бар.

Жоба халықтың көзайымына айналғандықтан, оны 2013 жылы да жалғастыру шешімі қабылданды. Графикалық репортаждың барлық парақтары біріктіріліп және жылжымалы көрме түрінде басып шығарылды. Жоба аясында көрмелер Астана, Шымкент, Қарағанды, Павлодар және Өскемен қалаларында өтті.

Қазақстанда паллиативтік көмекті дамыту

Қазақстанда паллиативтік көмек көрсететін нәбері 6 хоспис бар. Әрине, бұл халқының саны 16 млн. адамды құрайтын Қазақстан үшін жеткіліксіз болып табылады. Сонымен қатар, паллиативтік көмектің жылдам бригадалар, үйдегі хоспис, күндізгі орталықтар сынды баламалы түрлері дамымаған, ал балаларға мүлде көмек көрсетілмейді десе де болады. Әдетте, өмірінің соңында емделушілердің көбіне лайықты қолдау көрсетілмейді, әрі ауыруды басатын дәрілерге тапшылық артады. Халықтың жан басына шаққанда опиоидты анальгетиктерді қолдану бойынша Қазақстан әлемде 115 орында тұр. Бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы стандарттары мен ұсыныстарына жауап бермейді.

Елімізде паллиативтік қызметтерді дамыту бойынша қажеттілікке жауап бере отырып, Сорос-Қазақстан қорының паллиативтік көмекті дамыту жұмысы, негізінен, ынтагерлерді қолдау арқылы іске асуда. Осылайша, «Үйдегі хоспис» жобасының Қарағанды мен Теміртау қалаларындағы 12 қызметкері Румынияның Брашов қаласындағы «Casa Sperantei» білім беру орталығында паллиативтік медицина және пациенттерге күтім жасау жөніндегі қысқамерзімді курстан өтті. Қазақстанның 5 өңіріндегі 10 паллиативтік көмек саласының маманы мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілі АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Беларусь, Австрия, Израиль елдерінде оқудан, біліктілігін көтеру курстарынан өтіп, халықаралық конференцияларға қатысты. Алған біліміне негізделе отырып, аталмыш шаралардың қатысушылары өз өңірлерінде паллиативтік көмек қызметін дамытудың жаңа бағытына бет бұрды.

2012 жылдың 5 және 10 қарашасы аралығында ҚР-да паллиативтік көмекті дамыту жөніндегі білім беру компоненті шеңберінде тұңғыш рет «Пациенттерге өмірінің соңында күтім көрсету жөніндегі оқу семинары» атты апталық ұйымдастырылды. Семинардың жұмысына Қазақстанның барлық өңірлерінен 40 медбике қатысты. Медбикелер шетелдік әріптестермен және бір-бірімен тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие болды.



Күрделі ауруы бар пациенттердің барлығы үшін лайықты күтім алу және өмірінің соңында қамқорлыққа ие болу құқығы бүкіл әлемде адамның негізгі құқықтарының бірі ретінде мойындалған. Осы ретте, көптеген елдерде жазылмайтын ауруға душар болған емделуші мен оның туыстарына кешенді қолдау көрсетуге бағытталған паллиативтік көмек институты қалыптасқан.

Қордың қолдау көрсетуімен паллиативтік көмек туралы, опиоидтық анальгетиктерге қол жеткізу және осы саланы дамытуға еңбек сіңірген ынтагерлер жайлы екі фильм шығарылды. «Aurora» ҚҚ-ның «Алтын балық, ауруымды бас» фильмі паллиативтік көмекке зәру және опиоидтық анальгетиктерге қол жеткізе алмай отырған пациенттер мен олардың туыстарының нақты оқиғалары, олардың күнделікті бастан кешіп отыратын қиыншылықтары жайлы әңгімелейді. «Aladdin media group» продюсерлік орталығы түсірген «...атың адам болған соң...» фильмі еліміздегі паллиативтік көмекті дамыту жолының қаншалықты маңызды екендігі жайлы ойдың логикалық жалғасына айналды және Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде паллиативтік көмек қызметін ілгері жылжытып жүрген адамдардың жұмысы туралы әңгімелеп берді.

Қордың Қазақстандағы паллиативтік көмекті дамыту саласындағы аса ауқымды нәтижелердің біріне Паллиативтік көмек бойынша 2012 жылдың қыркүйек айының басында VII ТМД елдерінің онкологтары мен радиологтары съезінің шеңберінде Қазақ онкология мен радиология ғылыми-зерттеу институтының қолдауымен ұйымдастырылған тұңғыш Халықаралық Форумның өткізілуін жатқызуға болады. Оқиғаның бірегейлігі болып адамның құқығы ретіндегі паллиативтік көмек мәселелері онколог-сарапшылардың арасында алғаш рет осыншама жоғары деңгейде көтерілгені табылады. Форумның қатысушылары жұмыс барысында өздерінің паллиативтік көмек саласындағы білген-түйген ойларын және елдегі жетістіктерімен бөлісті. Форум аяқталғаннан кейін бірауыздан резолюция қабылданды. Маңызды ұсыныстардың бірі ретінде паллиативтік көмекті медициналық көмектің ажырағыссыз бөлігі және тұтастай медицинаны дамытудың өзекті бағыттарының бірі ретінде мойындау ұсынылды.

Мэри Каллавей

Паллиативтік көмек жөніндегі халықаралық сарапшы

Қазақстан паллиативтік көмектің дамуы бойынша жол басында. Бұл бағытқа тек кейбір өңірлер ғана жіті назар аударып отыр және олардың ішінде Қарағанды облысы көшбасшылардың қатарына жатады. Мені осында үкіметтік емес ұйымдардың жүзеге асырып жатқан жобалары ерекше шабыттандырды. Алайда, әлемнің көптеген елдерінде паллиативтік көмек мемлекетпен қаржыландырылады, ал Қазақстанда әзірше барлығы еріктілер мен еріктілердің күш-жігерінің арқасында іске асырылып отырғанын басып айтқым келеді¹.



¹ «Индустриальная Караганда» газеті, «Қоңыраудың кімге арнап соғылып тұрғанын сұрама», 2012 ж. 9 сәуірі

Ашықтық пен есеп берушілік

Сорос-Қазақстан қорының ұраны – ашықтық, есеп берушілік, әділеттік. Сондықтан бюджеттік ашықтық пен есеп берушілікті дамыту Қор қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

«БАҚ-ты қолдау» бағдарламасы шеңберінде «Солтүстік-Қазақстан құқықтық медиа-орталығы» қоғамдық қоры БАҚ-тардың арасында мемлекеттік тапсырыс алушылардың интерактивті базасын әзірледі, сол арқылы ақпараттық саясат саласындағы бюджеттік қаражаттардың үлестірілу тәртібін ашты.

«Мемлекеттік қаржының ашықтығы» бағдарламасы шеңберінде Сорос-Қазақстан қоры мемлекет органдары мен азаматтық қоғам өкілдерімен бюджеттік процестің ашықтығын арттыру бойынша белсенді әріптестік орнатты. Нәтижесі көп күттірмеді – 2012 жылы Қазақстан «Бюджеттің ашықтық индексында» ықтимал 100 ұпайдың 48-ін жинаумен, қоғамның бюджеттік процеске қатысу дәрежесі анағұрлым жоғары елдердің тобына ауысты.

«Сандж» зерттеулер орталығымен іске асырылған «Орта білімді қаржыландыру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстарды әзірлеу мен таныстыру» жобасы жан басына қаржыландыру жүйесін енгізу Қазақстандағы орта білім беру жүйесін жетілдіру факторларының біріне айналуы тиіс екендігін көрсетті. Зерттеу бюджеттік қаражаттарды үлестірудің дәл осындай дәстүрлі әдісі орта білімді қаржыландыру саласындағы ұзақмерзімді міндеттердің шешілуін қамтамасыз етпейтін, көп жағдайда көлемі жеткіліксіз ресурстарды орынсыз әрі тиімсіз пайдалануға әкелетін болжанбайтын, ашық емес және тым ауқымды шаралар сынды қиыншылықтардың көзі болып табылатындығын көрсетті.

Енді жобаларға нақтырақ тоқталып өтейік.



БАҚ арасында мемлекеттік тапсырыс алушылардың интерактивті базасын құру

Демократиялық қоғамда бұқаралық ақпарат құралдарына (БАҚ) қоғам мүддесін қорғайтын, билік органдарының көпшілік алдында есеп беруін талап ететін «қоғамдық сақшылар» рөлі берілген. Бұқаралық ақпарат құралдары бұл функцияны толыққанды атқаруы үшін, ең алдымен, мемлекет алдында қаржы жағынан тәуелсіз болуы керек.

Отандық БАҚ-тың басым бөлігі ақпараттық саясатты жүзеге асыру үшін қаржыландыруды мемлекеттік тапсырыс аясында алып отырады, соның нәтижесінде мемлекеттік құрылымдарға қаржы жағынан да, идеологиялық тұрғыдан да тікелей тәуелді. Бұл — демократиялық қоғамдағы тәуелсіз БАҚ-тың кәсіби этикалық стандарттарына сай емес.

2012 жылы бір ғана ҚР мәдениет және ақпарат министрлігінің өзі БАҚ-қа шамамен 22 млрд. теңге бөлді. Алайда, осы күнге дейін қаражатты алушылар мен олардың салық төлеушілердің ақшасына жасаған өнімдері туралы толық ақпарат қолжетімсіз болып отыр. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қаражаттың жұмсалып тиімділігін бағалауға мүмкіндік бермейді.

«Солтүстік-Қазақстан құқықтық медиа-орталығы» қоғамдық қорының мүшелері ақпараттық саясат саласындағы мемлекеттік тапсырыс үлкен дәрежедегі айқындылықты және міндетті түрде жұртшылық алдында есеп беріп отыруды қажет етеді деген пікірде. Азаматтар БАҚ-тың мемлекеттік тапсырыс аясында, яғни, салық төлеушілердің ақшасының есебінен дәл қандай тақырыптарды, материалдарды дайындап отырғанын білуге құқылы. Осы мақсаттарды көздеген ұйым БАҚ арасында мемлекеттік тапсырыс алушылардың базасын құруға шешім қабылдады.

Жарты жыл бойы «Солтүстік-Қазақстан құқықтық медиа-орталығы» ҚҚ қызметкерлері министрліктер мен әкімдіктерге ақпараттық сұраулар жіберіп, деректерді жинап отырды. 27 мемлекеттік құрылымнан алынған деректерді жүйеге келтіре отырып, қызметкерлер деректер қорының негізін құраған 98-беттік құжатқа ие болды.



Диана Окременова


«Солтүстік-Қазақстан құқықтық медиа-орталығы» ҚҚ директоры

Тендерлерге қойылатын лоттардың басым бөлігі құқық қорғау органдарының, парламенттің, үкіметтің және т.б. жағымды бет-бейнесін қалыптастыруға бағытталған тапсырыстан тұрады. Яғни, тапсырыс бойынша әзірленген ақпараттың 80% - шенеуніктердің жарнамасы. Нәтижесінде, салық төлеушілер ақшасын бізде шенеуніктердің қалай жақсы жұмыс істейтінін есту үшін төлеп жатыр. Алайда «халұа» деп қанша айтсаң да, одан аузыңда тәтті дәм пайда болмайды¹.

¹ «Forbes Kazakhstan» журналы, «Мені кімде-кім бәрінен де жақсырақ мақтаса — сол ең үлкен конфетке ие болады», 21 сәуір 2013




Бұл 2009 және 2012 жж. аралығында ақпараттық саясатты жүзеге асыруға мемлекеттік қаржыландыру алған 400 ұйым жайлы орталықтандырылған ақпарат жиналған алғашқы электрондық ресурс (www.legalmedia-center.kz) болып табылады.



Қазақстанда ақшасы мемлекеттік тапсырыс қаражатының есебінен төленген материалдар тиісті белгімен шықпайтындықтан, БАҚ-тың еліміздің қоғамдық және саяси өміріндегі оқиғаларды қаншалықты объективті және әділ түрде баяндайтынын қадағалап отыру қиынға соғады. Сол себептен «Солтүстік-Қазақстан құқықтық медиа-орталығы» ҚҚ мұндай материалдарды «ақшасы мемлекеттік тапсырыс қаражатының есебінен төленген» деген белгімен жариялап отыруға ұсыныс жасайды. Бұл азаматтардың алдындағы тек мемлекеттің ғана тарапынан емес, сондай-ақ БАҚ-тың әлеуметтік жауапкершілігінің және ашық ұстанымының белгісі болады.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2012 жылғы бюджеті (теңге)



Бюджеттің ашықтық индексі

«Халықаралық бюджеттік серіктестік» ұйымымен әзірленетін Бюджеттің ашықтық индексі (Open Budget Index) басты бюджеттік құжаттардың болуына, мазмұндарының толықтығына, бюджет процесіне қаржылық бақылаудың жоғары құрылымдардың және заң шығарушы өкімет тарапынан әсер ету және тартылу деңгейіне баға беру болып табылады. Индекс 94 қатысушы елде жүргізілетін зерттеудің негізінде әзірленеді.

201-2012 жылдары жағдайды жақсарту үшін Қазақстанға бюджеттік жолдау (алдын-ала бюджеттік құжат) сынды бірнеше басты құжаттарды жариялау әрі «азаматтық бюджетті» (яғни әрбір азаматқа түсінікті бюджетті) әзірлеу практикасын енгізе бастау қажет болатын. Бұл қадамдар Қазақстанға ғаламдық рейтингте көтерілуге және қазақстандықтардың ақпаратқа қолжеткізуге конституциялық құқын және бюджеттік процеске қатысуға заңмен бекітілген құқын жүзеге асыруға көмектеседі.

2011 жылдың наурыз айында Қазақстан ТМД елдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып азаматтық бюджетті жариялады. Ол кезде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өзінің сайтында кең жұртшылыққа түсінікті тілде әзірленген мемлекеттік бюджеттің техникалық емес үлгісін жариялады. Осының арқасында қазақстандықтар бюджеттік қаражаттың қалай жұмсалып және игеріліп отырғанын білуге мүмкіндік алды.

Мемлекет органдары мен азаматтық қоғамның өкілдері Қаржы министрлігінің жанындағы



Сергей Худяков

Қазақстан ұлттық бюджеттік желісінің өкілі

Қазақстан өңірлерінің индекстері барлық республика бойынша бюджеттік процестердің өзгешеліктерін анықтап қана қоймай, сонымен қатар жергілікті басқару органдарын ақпараттың ашықтығын, сондай-ақ бюджеттің жұмсалыу тиімділігін арттыруға ынталандырып отыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл индекс қай өңірлердің өз азаматтарына бюджеттік процеске қатысуға көбірек мүмкіндік ұсынып отырғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Екі жылда бір рет әзірленетін бюджеттің ашықтық индексі алғаш рет 2006 жылы әлемнің 59 елінде (Қазақстанды қоса) жарияланған болатын. 2010 жылы қатысушы-елдердің саны 94-ке жетті. 2010 жылы Қазақстан үшін бюджеттің ашықтық индексі 38 балды құрады, бұл – өте төмен көрсеткіш.

жұмыс тобы аясында азаматтық бюджетті әрі республикалық және жергілікті бюджеттердің қысқаша үлгісін құрастыру әдістемесін әзірлеген болатын. Оны құрастыруға Қазақстанның Ұлттық бюджеттік желісінің (ҚҰБЖ) сарапшылары, Қаржы министрлігі мен Сорос-Қазақстан қорының өкілдері қатысты.

Азаматтық бюджеттің жариялана бастауы, азаматтық қоғамның жергілікті бюджеттің әзірленуі мен жұмсалуды бақылау процесіне қатыстырылуы және үкіметтік емес ұйымдардың, мемлекет органдары мен Сорос-Қазақстан қорының белсенді бірлескен әріптестігі Қазақстанның Бюджеттің ашықтық индексідегі жайғасымының нығаюына әкелді: 2012 жылы Қазақстан «Бюджеттің ашықтық индексіде» ықтимал 100 ұпайдың 48-ін жинаумен, бюджеттік процеске қоғамның қатысу дәрежесі неғұрлым жоғары болып келетін елдердің тобына ауысты. 2012 жылы Қор серіктестері өз күштерін жергілікті бюджеттің ашықтығын арттыру үшін жұмсады. Жергілікті деңгейдегі ашықтық пен қоғамдық қатысуды қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігі мемлекеттік бюджет шығынының үштен екі бөлігінің жергілікті бюджеттерге қатысты болуымен түсіндіріледі. Әлеуметтік сипаттағы негізгі мемлекеттік қызметтер – білім беру және денсаулық сақтау қызметтері дәл осы жергілікті деңгейде көрсетіліп отырады. Сарапшылардың пікірінше, көрсетіліп отырған мемлекеттік қызметтердің сапасы мен бюджеттік шығындардың арасында тығыз байланыс бар. Жергілікті бюджеттердің ашықтық дәрежесін анықтау Қазақстанның ұлттық бюджеттік желісі әзірлеген «Жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексінің» арқасында мүмкін болды.

Ұлықбек Тыналиев

«Бюджеттік талдау мен экономикалық мониторинг орталығы»
ҚҚ директоры

Қазіргі уақытта азаматтық бюджетті жергілікті деңгейде, атап айтқанда, Атырау облысында енгізу жұмысы жүргізілуде. Бес жылға созылған зерттеу жұмысы мен жергілікті бюджеттік жоспарлаудың қаржы және экономика басқармасымен өзара әрекеттесудің нәтижесінде Атырау облысының азаматтық бюджеті құрылған болатын. Бұл құжат облыс тұрғындары үшін облыстың әкімдігі мен экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының сайтында тұрғындар үшін қолжетімді болады.



Орта білім беруді қаржыландыру жүйесін жетілдіру мәселелері

Қазақстандағы білім беру жүйесі бүгінде одан әрі жетілдіруді қажет етуде. 2010 жылдың желтоқсан айында Президенттің жарлығымен Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның негізгі мақсаты сапалы білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және адами капиталды дамыту болып табылады. Бұл – өз кезегінде экономиканың тұрақты дамуына ықпал етіп отыруы тиіс.

Білім берудің сапасын жақсартып және оны бәсекеге қабілетті ету үшін қаржыландыруды арттыру, қаражаттарды үлестіру мен игерудің тиімділігін жақсарту және педагогикалық әлеуетті нығайту сынды бірқатар қадамдарды жасау қажет.

«Сандж» зерттеулер орталығымен іске асырылған «Орта білімді қаржыландыру жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстарды әзірлеу мен таныстыру» жобасы жан басына қаржыландыру жүйесін енгізу Қазақстандағы орта білім беру жүйесін жетілдіру факторларының біріне айналуы тиіс екендігін көрсетті. Зерттеу бюджеттік қаражаттарды үлестірудің дәл осындай дәстүрлі әдісі орта білімді қаржыландыру саласындағы проблемалардың бірден бір көзі екендігін көрсетті.

Орта білім беруді қаржыландырудың әрекет ететін жүйесінің өзге кемшіліктерінің арасында оның ашықсыздығы, көлемді әрі ақылға қонымсыз болуы және қаржының үлестірілуіндегі әділетсіздігі бар. Бұл тұрғыда ауылдық мектептер барынша зардап шегуде. Мектеп басшыларының қаржыландырудың қажетті көлемін өз бетінше белгілеу құзырлығына ие болмауы, ашықсыздық және мектеп әкімшілігінің ата-аналар мен жұртшылықтың алдында қаржылық құралдарды жұмсау бойынша есеп бермеуі және қаржылық басқарудың әлсіздігі білім беру жүйесінің сапасына, тұтастай елдегі білім беру жүйесін дамытуға жағымсыз үлесін қосуда.

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, тең және әділ қаржыландыру мектептерде жан басылық қаржыландыру жүйесін енгізуге септігін тигізуі мүмкін. Аталмыш қаржыландыру принципінің енгізілгені туралы Мемлекеттік бағдарламада ресми түрде жарияланған. Бұл механизмнің маңызды сипаттамаларының біріне бюджетті басқаруды орталықсыздандыру және оны мектеп директорының басқаруына беру жатады. Себебі директордың бюджеттік қаражаттың белгілі бір сомасын алу және мек-

Қазақстанда орта білім беру жүйесін жетілдірудің бірден бір факторы жан басына қаржыландыру жүйесін енгізу болып табылуы керек.



теп бюджетін икемді басқарып отыру мүмкіндігі болуы тиіс. Бұл жағдайда ол мектептің Қамқоршылар кеңесіне есеп беріп отыруы тиіс.

«Ақша оқушылармен келеді» ұстанымына негізделген жан басылық қаржыландыру жүйесінде оқушылардың сапалы білім алуға деген қажеттіліктері қаражаттарды үлестіруде шешуші рөл атқарып отыратын жағдай тудыру арқылы білім беру бюджеттерінің оңтайлы жұмсалуды қамтамасыз етуге арналған.

Әлемде түрлі елдерде қолданылып жүрген, қажетті параметрлерді ескеретін және белгілі түрдегі формулаларға негізделген жан басылық қаржыландырудың бірнеше үлгісі бар. Зерттеу шеңберінде авторлардың пікірінше, Қазақстан үшін барынша оңтайлы болып келетін жан басылық қаржыландыру үлгісі әзірленген болатын. Зерттеуге қатысу үшін Алматы, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарындағы, Астана мен Алматы қалаларындағы мектептер таңдалды. Авторлар әзірленген үлгілер бойынша қолда бар бюджеттің шеңберінде бұл мектептердің бюджеттерін есептеп шықты.

Зерттеуде, сонымен қатар, ҚР-ның бес өңіріндегі облыстық білім беру басқармалары мен 13 мектептің әкімшілік өкілдерімен сараптамалық сұхбаттар жасалды. Мүдделі мемлекет органдары, сарапшылар, азаматтық қоғам, ата-аналар өкілдерінен жұмыстық топ құрылды. Оған ұлттық, сондай-ақ жергілікті деңгейдің өкілдері енді. Жұмыстық топтардың кейбір қатысушылары материалды талдауға және орта білім беруді жан басылық қаржыландырудың қазақстандық үлгісін әзірлеуге қатысты.

Зерттеу нәтижелерін талқылауға елдің барлық өңірлерінің білім беру жүйесінің мамандары, Мәжіліс депутаттары, ҰЕҰ өкілдері, тілшілер, ғалымдар мен зерттеушілер қатысты. Талқылаулар жұмыстық кездесулер шеңберінде, «Орта білім беруді қаржыландыру жүйесін жан басылық қаржыландыруды ендіру арқылы жетілдіру» тақырыбындағы дөңгелек үстелінде және Қарағанды облысы Шахтинск ауданының білім беру жүйесінің өкілдерімен бас қосу кезінде өткізілді. Зерттеу Алматы қаласында ҚР Халықаралық Бизнес Академиясында өткен «Білім беруді өңірлік деңгейде тиімді басқару» және Қарағанды облысында «Отбасы мен мектептің баланы әдептік-рухани тәрбиелеу ісіндегі өзара әрекеттесуі» семинарларында талқыға салынды.

2012 жылы бюджеттің әр бесінші теңгесі білім беруге жұмсалып отырды. ҚР білім беру жүйесін қаржыландыру көлемінің жыл сайын өсіп келе жатқанына қарамастан, елдің ІЖӨ-дегі білім беруге қатысты мемлекеттік шығынның үлесі 2012 жылы 4% құрады, бұл ЮНЕСКО ұсынған деңгейден 5-6% төмен.

Азаматтық белсенділік

Сорос-Қазақстан Қорының үш әлеуетті бағыттарының бірі Қазақстандағы азаматтық белсенділік пен толеранттылықты дамыту болып табылады. 2012 жылы Қор өз күшін мүмкіндігі шектеулі адамдарға жағдай жасауға, Қазақстанда еріктілік бағытын дамытуға және аймақтағы ҰЕҰ-дың әлеуетін күшейтуге жұмсады.

Әр жоба туралы толық ақпаратты осы бөлімнен оқып біле аласыздар.



Қолжетімділік картасы

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қаланың инфрақұрылымдарына қолжетімділік мәселесі әлі де болса шешілмей келеді. Бүгінгі таңда Қазақстан халқының жалпы санының 3,4% (563 мың мүмкіндігі шектеулі адам) демалу, білім алу және бос уақытын өткізетін жерлерді табу барысында айтарлықтай қиындықтарға тап болады.

«Қолжетімділік картасы» (<http://arzhan.kz>) алдына мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қала инфрақұрылымдарының қолжетімділігін бағалау және нәтижелері туралы халықты ақпараттандыру мақсатын қойып отыр. 2011 жылы «Аржан» Қоғамдық қорының жаңашыл бастамасы Алматы қаласын зерттеуден басталып, бүгінде Қазақстанның 20 қаласына дейін созылды. Сорос-Қазақстан қорының Жастар бастамалары бағдарламасының әлеуметтік интернет-жобалар байқауының жеңімпазы болып табылған жобаның сәтті жүзеге асырылуы жергілікті және республикалық биліктің назарын аударды.

Бастамаға қатысқан уақыттан бастап, арнайы оқытылған жобаның студент-еріктері мүмкіндігі шектеулі адамдарға баруға жасақталған жерлер туралы ерекше адамдарды ақпараттандыру үшін көп күш салды. «Аржан» ҚҚ-ның бастамасымен олар әлеуметтік маңызы бар жерлерге барып, олардың түрлі санаттағы мүмкіндігі шектеулі адамдарға ыңғайлылығын зерттеп, ол туралы ақпаратты интерактивті картаға енгізіп отырды.

Қоғамдық орындарды зерттеу процесіне еріктілер жергілікті тұрғындарды краудсорсинг ережесі бойынша қосып отырды. Яғни, кез келген ниет білдіруші қандайда бір жердің ыңғайлылығын бағалап, осы ақпаратпен жоба еріктілерімен бөлісе алды. Ал еріктілер берілген ақпарат негізінде оны тексеріп, картаға енгізіп отырды. Еріктілердің арасында ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өздері де болды.



Жамиля Жүкенова

Жоба еріктісі

Кеңес уақытынан бері елімізде мүмкіндігі шектеулі адамдарға орын жоқ деген түсінік қалыптасқан. Бұл түсінік мұра ретінде тәуелсіз Қазақстанға да, оның жас ұрпағына да қалды. Бұл ретте жаһандану мен әлемдік тенденцияларға алғыс айтуымыз керек, себебі қолжетімділік ұғымын сол арқылы аштық.

«Қолжетімділік картасы» сандарда



- Жобаға Қазақстанның түкпір түкпірінен оқытылған **18** ерікті қатысты. Жоба аясында шамамен **20** қолжетімділік картасы дайындалды (Алматы, Ақтөбе, Астана, риддер, Атырау, Тараз, Орал, Қарағанды).
- Жобаны жүзеге асыру барысында **200-ге** жуық объекті тексерілді.
- Алматыда тексерілген **144** объектілердің **54** мүмкіндігі шектеулі адамдарға тек **54-і** қолжетімді деп танылды..

Қоғамдық орындардың мүмкіндігі шекеулі адамдарға ыңғайлылығымен бірге «Қолжетімділік картасы» туралы ақпарат ерекше қажеттіліктері бар адамдар арасында, олардың туған-туыстары, қоғамдық мекемелер мен БАҚ арасында жүргізілді. Жоба мүмкіндігі шектеуі адамдар, олардың туыстары мен достары үшін бірге бара алатын орындары көрсетілген ақпараттық стендке айналды.

Қазақстан үшін жаңашыл жоба жергілікті және республикалық деңгейдегі биліктің қызығушылығын туғызды. Осылайша «Қолжетімділік картасы» жобасы түрлі ЖОО-ның белсенділері, жастар саясаты мәселелері жөніндегі Басқарма бастығының қатысуымен Алматы қаласының жастар парламентінің отырысында жарияланды. «Аржан» ҚҚ-ның өкілдері мен жоба еріктілері ҚР индустриясы мен туризмін дамыту Комитеті жанындағы туризмді дамыту жөніндегі жұмыс тобында енгізілді.

2012 жылғы маусымда жоба ұйымдастырушылары Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің селекторлық кеңесіне қатысты. Кеңес қорытындысында бүгінде Премьер-Министр, сол кезде Премьер-Министрдің бірінші орынбасары қызметін атқарған Серік Ахметов Қазақстан аймақтарына «Аржан» ҚҚ дайындаған картаны пайдалануға кеңес берді.

Бүгінде «Аржан» қоғамдық қорының тәжірибесі негізге алынған екі жоба іске қосылу үстінде. БҰҰ дамыту бағдарламасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тең қаржыландыруымен республикалық деңгейдегі картаны дайындауды мақсат етіп отыр, ал Алматы қаласының әкімдігі оңтүстік астанада тұратын мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімділік картасын дайындауды жоспарлап отыр. Екі жобада да «Аржан» ҚҚ серіктес болып танылды.

Светлана Спатарь

Жоба еріктісі

Әрине, жобаны жалғасытру керек. Оның ақырғы кезеңі болуы мүмкін емес, себебі өмір жалғасуда, қаладағы жағдай өзгеруде. Жаңа объектілер пайда болады, ескілері жөнделіп, қандай да біріне қолжетімділік пайда болып, қандай да біріне болмайды. Сондықтан осындай ақпаратты барлық қызығушылық білдірген тараптарға – қарапайым қала тұрғындарына және шешім қабылдайтын шенеуніктерге де жеткізу керек.



Тренерлер мектебі

Әлеуметтік мәселелерді шешуге еріктілерді тарту елде азаматтық белсенділіктің дамуының бірден бір көрсеткіші болып табылады. Қазақстанда еріктілік институты мен мәдениеті әлі даму сатысында. Үкіметтік емес ұйымдардың шағын пайызы ғана еріктілерді тарта және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда олардың еңбегін пайдалана алады.

БҰҰ-ның еріктілер бағдарламасымен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлестікте жүргізген «Қазақстанда даму ресурсы ретіндегі еріктілік жағдайын саралау» зерттеу мәліметтері бойынша, сұралған ұйымдардың тек 12,5% ғана қызметіне еріктілерді тартады. Алайда сұрау нәтижесі бойынша сұралған 10 ұйымның 9-ы еріктілерді тартуға қызығушылық білдірді.

Үкіметтік емес ұйымдарға еріктілерді табу мен тартуға көмектесу үшін «Команда SOS» еріктілерді үйлестіру орталығының (БҰҰ еріктілері бағдарламасының Seimar Social Fund қайырымдылық қорымен бірлескен бастамасы) Сорос-Қазақстан қорымен қолдауға ие болған «Еріктілер мектебі» жобасы аясында әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру барысында еріктілер қызметін ұйымдастырудың барлық аспектілерін қозғайтын кешенді оқыту бағдарламасын дайындады.

«Тренерлер мектебі» оқыту бағдарламасы жобалық менеджмент, фандрейзинг, қаржылық аудит, журналистика және электрондық медиа, сонымен қатар қоғаммен байланыс және психология саласындағы қазақстандық және шетел мамандарының қатысуымен дайындалған тренингтер мен семинарлардан тұрды.

Жоба аясында еріктілік қызмет пен әлеуметтік жобаларды ұйымдастыру әдістері, технологиялары мен құралдары бойынша қазақ және орыс тілдерінде алғашқы оқыту

2013-2014 жылдары жоба Қазақстанның барлық аймақтарында жұмыс істейді және әр нақты аймақта ҰЕҰ-дың жобалық менеджмент пен еріктілермен басқару қажеттіліктеріне арналады деп күтілуде.



әдістемесі дайындалды. Әдістеме үкіметтік емес ұйымдары өкілдері және жас белсенділер арасында таратылды.

«Тренерлер мектебі» жобасы екі кезеңде жүзеге асырылды. Алғашқы кезеңнің мақсаттық тобы болып еріктілер бағдарламаларын дайындап, оларға басшылық ететін YEҰ басшылары табылды. Екінші кезең еріктілер жобасының көшбасшылары мен тренерлеріне арналды.

«Тренерлер мектебінің» екінші кезеңінің ерекшелігі болып бір еріктілер жүйесі аясында түрлі аймақтағы YEҰ басшылары мен еріктілер бағдарламасы көшбасшыларының бірлескен жұмысы бойынша арнайы сессиясы табылды. Екінші кезеңнің тренингтері мен семинарларында мемлекеттік органдарымен, дәлірек айтқанда, Білім мен ғылым министрлігі мен Мәдениет және ақпарат министрлігінде үкіметтік емес ұйыммен әрекеттесу жөніндегі Басқармамен әрекеттесу мәселелері қамтылды.

«Тренерлер мектебі» жобасы Ұлттық еріктілер жүйесімен (НВС) танылып, ресурстық деген атқа ие болып, оның негізгі жобаларының құрамына енді. НВС ұйымымен бірлестікте отандық еріктілер қызметінде ортақ стандарттарды және білікті кадрларды дайындау мақсатында жобаны жыл сайын жүзеге асыру туралы шешім қабылданды.

Бүгінде Қазақстанның 12 аймағында жобаны жүзеге асыруды «Тренерлер мектебі» жобасының қатысушылары жалғастыруда. Олардың арасында Маңғыстау облысында «Эко Маңғыстау» YEҰ-мен іске қосылған «Біз болмасақ, енді кім» еріктілер бастамасы орталығы, Оңтүстік-Қазақстан облысында «Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі» Қоғамдық қорының бастамасымен жұмыс істейтін «Тек қадам жаса» еріктілер мектебінің жобасы бар.

Елена Швецова

ОҚО «МИСК» ҚҚ-ның директоры

Біздің ұйымда осы жобадан кейін қалған еріктілердің санындай ешқашан еріктілер қалған емес. 100% қатысушылардың 70% қалды. Меніңше, бұл – көрсеткіш. Мектепке қатысқан кейбір еріктілер ұйымның құрамында жұмыс істейді және жақсы нәтижелер көрсетуде. Бұл жаңа идеялар мен жобалар мүмкін болған жарқын жобалардың бірі. Біз осындай мектептерді жалғастыруға мүдделіміз. Себебі мектеп қатысушыларының ойлау қабілеттері өзгеріп, игі іс істеумен жетіліп, өседі.



Аймақтық ҮЕҰ-дың әлеуетін арттыру

Аймақтық үкіметтік емес ұйымдардың ұйымдастырушылық әлеуетін арттыру мен кешенді ресурстық қолдауды күшейту туралы өтінішіне жауап бере отырып, Сорос-Қазақстан қоры 2012 жылы Азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған арнайы бастамасын іске қосып, олардың әлеуетін күшейту бойынша жұмысын жандандырды.

Соңғы жылдары үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін күшейтуге бағытталған оқыту бағдарламалары, тренингтер мен семинарларының, сондай-ақ, ҮЕҰ-ды ресурстық кешенді қолдау бағдарламаларының саны айтарлықтай азайды. Шектеулі ұсыныс нәтижесінде осындай бағдарламалар бәрінен де дамудың бастапқы және орташа деңгейіндегі аймақтық үкіметтік емес ұйымдар үшін қолжетімсіз бола бастады.

Бұл өз кезегінде ҮЕҰ-дар үшін жобаларды басқару үшін қажет практикалық тәжірибені алуға, сол арқылы ірі гранттық байқауларға қатысу үшін қажет жобалық «тарихты» жинақтауға мүмкіндік бермейді. Халықаралық және қазақстандық қорлардағы гранттық байқауларының, сонымен қатар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс байқауларының шарттары мен талаптары орта деңгейдегі және жұмысын енді бастаған ҮЕҰ-дар үшін күрделі болып табылатыны ешкімге құпия емес. Сондықтан олардың тәжірибесі мол ұйымдармен жарыста жеңіп шығу мүмкіндігі көп бола бермейді.

Тар шеңберлі тақырыптар бойынша жеке тренингтерге келетін болсақ, олар кеңес беру қызметімен қамтылмағандықтан ұйымның әлеуетін күшейтуге айтарлықтай әсер етпейді. Ал болмашы ғана тәжірибесі бар ұйымдарға бәрінен де әдістемелік қолдау мен консультанттардың кеңесі ауадай қажет. Алайда ҮЕҰ-дар оқыту бойынша ұсыныстардың шектеулігіне байланысты, сұраныс бойынша емес, тақырып бойынша дайындалған тренингтерге қатысуға мәжбүр. Нәтижесінде теория практикадан алшақ болып, ұйымның әлеуетіне жұмыс істемейді.

Сорос-Қазақстан Қорының Арнайы бастамасы аясында жүзеге асырылған «Аймақтық ҮЕҰ-дың әлеуетін арттыру» жобасы басқа қағида бойынша дайындалды. Тренингтер мен семинарлардың бағдарламалары барлық қатысушылар үшін жобаның тәжірибелі және білікті серіктестері – Шығыс-Қазақстан облысындағы



Виталий Кулик

«Зубр» қорының басшысы

Семинарға қатысқан ұйымдар секторда жаңадан құралған ұйымдар емес. Оларға білім алумен қатар, оқыту барысында оны нақты тәжірибеге салу, өзге ұйымдармен салыстырып көру, бәсекелес күресте қалай жеңіске жетуге болатындығын түсіну маңызды болып табылады.



Әлеуметтік корпоративтік «Зубр» қоры, Қарағанды облысындағы «Экоцентр» Қоғамдық бірлестігі мен Оңтүстік-Қазақстан облысындағы «Береке» ұйымдарымен өткізілген қажеттіліктерді бағалау негізінде дайындалды. Оқыту аяқталғаннан кейін жоба қатысушыларына шағын жобалар байқауына қатысу мүмкіндігі берілді. Байқау жеңімпаздары шағын жобаларды жүзеге асыру барысында жоба серіктестерінен консультациялық және ақпараттық-әдістемелік кеңес алып отырды.

Жоба қатысушылары алынған білімді бірден тәжірибе жүзінде пайдалану өз жемісін бере бастағанын алға тартады. Жоба аясында шағын грантқа ие болған және оны жүзеге асыра бастаған «Алтын дала» Қоғамдық қоры жергілікті әкімшілікте бірден танымал ұйымға айналды.

— Осы жобаны жүзеге асыру барысында ұйымымыздың әлеуеті айтарлықтай өсті! Бүгінде ұйымның өкілдерін аудандағы барлық қоғамдық шаралар мен семинарларға шақырады. Олар тұтынушылардың құқын қорғау жөніндегі аудандық комиссия мен жастар ісі жөніндегі комиссияның жұмыс тобына кіреді, — дейді «Алтын дала» қорының өкілі **Фатима Хампиева**.

— Шағын жобаны жүзеге асыру ұйымымызға ауданымыз үшін маңызды бағыт, дәлірек айтсақ, мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау бағыты бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік берді. Жобаның арқасында барлық адамдар үшін тең мүмкіндіктер беруге, оқыту бағдарламаларының қолжетімділігін қамтамасыз етуге қадамдар жасалды. Мұның бәрі өз ойыңды еркін білдіру және тілдесуге кедергі келтіретін және қоғамда бар стереотиптерді жою үшін өте қажет. Осының арқасында жастар өзінің азаматтық жауапкершілігі мен әлеуметтік маңыздылығын сезінді, — дейді «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігінің өкілі **Біржан Саржанов**.

Теория мен практиканы қоса пайдаланудың құндылығын «Экоцентр» Қоғамдық бірлестігінің директоры **Меруерт Құрмашова** да бағалады: «Қарағанды облысындағы ҰЕҰ-дың әлеуетін күшейту» жобасының құндылығы оқыту барысы мен алынған білімдерді іс жүзінде қолдану арасында ешқандай үзілістің болмауында жатыр. Қатысушылар практикалық жұмысқа оқыту аяқталғаннан кейін бірден кірісуге мүмкіндік алды», — деді ол.

Жобаға 66 үкіметтік емес ұйым қатысты, олардың ішінде 28 «ЗУБР», тағы 28 — «Экоцентр» және 10-ы — «Береке» ҚБ-мен іріктеліп алынды.

Сорос-Қазақстан Қоры бағдарламалары аясында

Барлығы 210




Қазақстан бойынша бөлінген гранттардың саны



Қаржылық есеп

2012 жылға бөлінген қаражат

Бағдарламалар	Сума (теңге)
«Шекарасыз Шығыс-Шығыс» бағдарламасы	11 422 255
«Құқықтық реформа» бағдарламасы	131 126 077
«БАҚ-ты қолдау» бағдарламасы	54 609 354
"Жастар бастамасы" бағдарламасы	74 834 828
«Мемлекеттік қаржының ашықтығы» бағдарламасы	137 096 861
Өзге бағдарламалық шығыстар	24 026 098
Әкімшілік шығыстар	139 314 343
Барлығы:	572 429 816




Біз келесі әлеуметтік желілердеміз



[SFKazakhstan](https://www.facebook.com/SFKazakhstan)



[SFKazakhstan](https://twitter.com/SFKazakhstan)



SOROS.KZ

Сорос-Қазақстан қоры
050000, Қазақстан, Алматы
Желтоқсан көш., 111а, 9-кеңсе
Телефон: +7 (727) 250 38 11
Факс: +7 727 250 3814